

ОӘЖ 792

## ЖАСТАРДЫҢ «БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ» ҚОЙЫЛЫМЫНАН АЛҒАН ӘСЕРІ

*Бақытжанқызы Балауса, Қайыпбаева Жазира, Омаржан Сабина,  
Орынбасарова Жұлдыз, Капанова Айша, Қадырова Ғайнижамал,  
Сегізбай Адина*

*3-курс “ Театр режиссурасы ” тобының студенттері, «Мәдени-тынығу  
жұмысы» білім беру бағдарламаса  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**Ғылыми жетекші:** оқытушы, ғылым магистрі Ж. А. Дүйсенбай

*Мақалада Ғабит Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында қойылған жазушы, драматург Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» шығармасы баяндалды. “Болмаған балалық шақ” қойылымы Ғ. Мүсірепов театрының ең жоғары деңгейдегі көрермені көп қойылым болды.*

**Кілт сөздер:** театр, инсценировка, театр режиссурасы, спектакль.

Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында жазушы Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» шығармасы Фархат Молдағалиевтың режиссерлығымен сахналанды. Шығармада ең басты кейіпкердің өмірі, автордың өз өмірінен, биографиясынан алынған. Бұл шығарма ХХІ – ғасырдағы ең үздік 20 прозалық туынды тізіміне енген және де еліміздегі үздік бестселлер болған кітап. 2008 жылы жарық көрген шығарма. Режиссердің тапқырлығымен спектакль жоғары деңгейде сахналанды. Спектакльдің инсценировкасы, мизансценасы, актёрлық құрам, сахна, реквизиттер, музыка, жарық, костюм, дыбыс, декорация барлығы бүгешүгесіне дейін ойластырылған және де шығарманың атмосферасын бере алды. Спектакльге жазушының өзі де келіп, өз ойын білдірген. Режиссер жазушының өзімен тілдесіп, кітаптағы жоқ мәліметтерді де спектакльге қосқан. Ол мәліметте Ақбереннің әпкесімен арасындағы бауырмал махаббат туралы диалогтарын қосқан. Ақберен Елгезек “Алматы” арнасына берген сұхбатында режиссерге толық еркіндік бергенін, режиссердың өзінің көзқарасын қолданғанын, шығармашылық еркіндік бергенін, тек кей ойларын қосқанын, түзетпегенін, режиссердың өз кәсібилігіне сүйеніп, өзгертуіне рұқсат бергені айтылады. Режиссер инсценировка жасау барысында өз стилін қолданған,

алайда шығарманың желісінен ауытқымаған, режиссер кітапта берілген кейіпкерлердің образын ашу үшін, кейіпкердің жай-күйін, эмоциясын, толғанысын беру үшін, шығармадағы ең маңызды сюжет бөліктерін алған. Осы қойылымды қойған режиссер Фархат Молдағалиевтың жеке әлеуметтік парақшасында “ Бірінші бөлімде, спектакльдің басты қасиеті неде десеніз, туындыға ең бірінші бәріміздің бойымызда бар сағыныш арқау болған. Ол – анаға, әкеге, балалығымызға деген сағыныш. Екінші, қойылымнан прозалық шығарманың – повестің драматургиялық жанрға қалай айналғанын көруге болады. Үшінші, кейіпкерлер болмысымен, туынды мазмұнымен бітеқайнасқан актерлық құрамның өнері де көрермен қауымға бөлек әсер сыйлары сөзсіз” – деген екен. Осы сөздерінен шығарманы үш бөлімге бөле отырып инсценировка жасағанын көруге болады және де шығарманы қалай сахналағанын аңғара аламыз.

### Режиссер инсценировкасы


<b>Реквизит</b>	<p>Чемодандар – Ақоштың анасының үйден кеткенін көрсету кезінде қолданылды.</p> <p>Ұзын үстелдер, отыратын орындықтар – кейіпкерлердің барлығы хор айтқанда қолданылды.</p> <p>Телевизор, шкаф, леген – үй атмосферасын беру үшін, Ақоштың судың астында бір минут тұрғанын көрсету үшін қолданылды.</p> <p>Екі әткеншек – анасымен Қалаңның отырған кезінде айналасына адамдар қоршап отырған кезде қолданылды.</p> <p>Шелек, жіп – Ақоштың қызық қуып, өзіне сұхбат беру кезінде қолданылды.</p>
<b>Жарық</b>	<p>Көк жарық – шығарма драма жанры болғаннан кейін мұнды, қайғыны беру үшін осы түсті қолданған.</p> <p>Сары түсті жарық – сахнаны жарық қылып көрсету үшін қолданылды.</p> <p>Бір адамға ғана қойылған жарық - Ақоштың анасымен әкесі туралы монологта қойылды.</p>
<b>Мизансцена</b>	<p>Актерлар халыққа көріну үшін сахнаның ортасында, алдыңғы жағында өнер көрсетті.</p> <p>Әпкесімен Ақош сахнасында – сахнаның бер жағында диалог оқиды, сахна артқы жағында барлығы дөңгеленіп әңгімелесіп хор айтады. Спектакль соңында кейіпкерлердің барлығы Ақошты айнала, жартылай дөңгелек жасап, топтасып сахнаға 5 бөлініп тұрады.</p> <p>Сахнаның бергі жасағындада , сахнаның артқы жағындада актерлер өнер көрсетті.</p>

<b>Костюм</b>	Шығарма 2000 жылдар кезінде жазылғаннан кейін, актерлердың киімдері сол заманға сай болды. Рубашка, сым, ұзын көйлектер, орамал – әжелердің тағуы, мектеп форма – Ақоштың сыныптастары киімдері және де сыныптасы үшін кэмпит ұрлаған кездегі диалогтарда қолданылды.
<b>Грим</b>	Әжесі мен Қалаң деген кейіпкерлерге көп грим жасалынған, өйткені жас қосып, кейіпкердің үлкен жастағы адамдар екенін көрсету үшін жасалынған.
<b>Сахна</b>	Сахна қара түсті және де көк фонда фонда болды. Барлық реквизиттер қойылған. Дым, тұман – Ақоштың монологтарында қосылды. Шұңқыр - сахна алдындағы шұңқырда отырып, Ақоштың сұхбат беруі кезінде қолданылды. Қосалқы бір баспалдақ сахна – сахнаның бергі жағында актерлар ойнаса, осы сахнада тұрып, хор айтады.
<b>Музыка</b>	Үкілім-ай әні – жеңеше туралы сюжетте қосылды. Ару-ана – Ақоштың әпкесімен диалогінде ана туралы әңгіме болғанда қосылды. Мұңлы, трагедиялық, драмалық музыкалар – қайғылы, мұңлы сәттерді беру үшін, атмосфера болу үшін ойналды.



Театрда режиссердың ойы бойынша басқалай сахналанады. Ал, кітап желісі басқаша жазылған . Оны төмендегі кестеден айырмашылығын көре аламыз.

<b>Кітапта</b>	<b>Театрда</b>
<b>Анаға деген сағынышы</b>	<b>Анаға деген сағыныш толық ашылмаған.</b>
<b>Ақоштың достарымен диалогы көп суреттелмеген</b>	<b>Ақоштың достарымен қызықты әңгіме айтқан диалогтары қойылған.</b>
<b>Сюжетте мұңлы сәттер көп</b>	<b>Театрда көрерменді көңілсіз күймен жалықтырып алмас үшін кішкене күлкілі сәттер қосылған.</b>
<b>Кітапта анасы мен бала арасындағы оқиға көптеп айтылған</b>	<b>Режиссер қойылымда көбінесе Ақош пен әпкесінің диалогтарын көп сахналаған.</b>



“ Болмаған балалық шақ” спектаклінің актерлық құрамы.


- 1) Анасы - Ақмарал Дайрабаева
- 2) Ақош - Жақсылық Тұрлығазы
- 3) Қалаң - Руслан Ахметов
- 4) Апайы Маржан - Мөлдір Қосынқызы
- 5) Туған ағасы Данышпан - Ернат Күнішбаев
- 6) Досы Олешка - Ұлжан Оразаева
- 7) Әжесі - Тынышкүл Сұлтанбердиева
- 8) Мәстен – Жібек Бектемір және де, аталмыш спектакльде көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп жүрген ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Райхан Қалиолдина, Сәкен Рақышев, Тынышкүл Сұлтанбердиева


және Нұргүл Мыңғатова, Ақмарал Дайрабаева сынды әртістер де басты рөлдерді сомдайтын болады.

### Ақберен Елгезектің театрдағы қойылымға жазған пікірі

*Қалай болғанда да оңай емес. Жанымызда отырған көрермен жылап отырады. Оның өзі мың есе ауыр әсер етеді», деді Ақберен Елгезек. Шығарманың авторы да көпшілік көрерменмен бірге спектакльді асыға күткен. Ол да көрерменмен бірге өткен өмірін еске түсіріп, жылап та алған, автордың сөзінше “ Барлығы жақсы жасалынған, кейіпкерлердің образы тура ашылған” – деп пікір білдірген*

Ғабит Мүсірепов театрындағы қойылған спектакльге жүздеген көрермендер театрдың апталық репартуарында осы спектакль болғанда барлық көрермендер барып көріп, әрдайым осы қойылым аншлағ болып қалады. Бұл дегеніміз осы аталмыш спектакль көптеген көрермен алып келді. Көрермендердің бұл спектакльді қалдырмай көрулері, өмірде сан қилы тағдырлар бар, біреуі өз өмірінен Ақошты көргендей болады. Кейбір көрерменнің өмірі Ақоштыкындей болған, және де жақсы әсер алып шыққан. Ал кейбіреуі бұл спектакльге Ақберен ағамыздың кітабын оқып келген. Спектакль көрерменнің көңілінен шыққан. Жастардың ғана емес, барлық көрерменнің ыстық ықыласына бөленген. Театрдың тұрақты көрермендері, басқа спектакльге ұқсамайтынын жазған. Оны біз көрерменнің жазған ойларынан көре аламыз.





### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://qazaqadebieti.kz/37063/bolma-an-balaly-sha>
2. [https://nege.kz/news/bolmagan\\_balalik\\_shak\\_sahnalandi\\_20230403174950](https://nege.kz/news/bolmagan_balalik_shak_sahnalandi_20230403174950)
3. <https://baq.kz/bolmagan-balalyq-shaq-zhayly-bilesiz-be-300491/>
4. [https://youtu.be/\\_O-UAJ5v6Co?si=oQ3feINtY9PKKeE9](https://youtu.be/_O-UAJ5v6Co?si=oQ3feINtY9PKKeE9)
5. [https://youtu.be/eB\\_ekJwr2yg?si=klNpYs3RfZ9Q5bur](https://youtu.be/eB_ekJwr2yg?si=klNpYs3RfZ9Q5bur)
6. [https://youtu.be/F-1ZT9MS-f4?si=2byCU4oBkGwABs\\_S](https://youtu.be/F-1ZT9MS-f4?si=2byCU4oBkGwABs_S)

### ВПЕЧАТЛЕНИЯ МОЛОДЕЖИ ОТ СПЕКТАКЛЯ " БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ»

*Бақытжанқызы Балауса, Қайыпбаева Жазира, Омаржан Сабина, Орынбасарова Жұлдыз, Капанова Айша, Қадырова Ғайнижамал, Сегізбай Адина*

*В статье изложено произведение писателя, драматурга Акберена Елгезека «Болмаған балалық шақ», поставленное в Казахском государственном театре для детей и юношества имени Габита Мусрепова. Спектакль " Болмаған балалық шақ" стал спектаклем самого высокого уровня театра Г. Мусрепова.*

**Ключевые слова:** театр, инсценировка, театральная режиссура, спектакль.

## IMPRESSIONS OF YOUNG PEOPLE FROM THE PERFORMANCE “BOLMAGHAN BALALYK SHAK”

*Bakytzhankyzy B., Kaiypbaeva Zh., Omarzhan S., Orynbassarova Zh.,  
Kapanova A., Kadyrova G., Segizbay Adina*

*The article describes the work of the writer, playwright Akberen Elgezek “Bolmaghan balalyk shak”, staged in the Kazakh State Theater for Children and Youth named after Gabit Musrepov. The play “Bolmaghan balalyk shak” became a performance of the highest level of the theater G. Musrepov.*

**Keywords:** theater, staging, theatrical direction, performance.

### REFERENCES

1. <https://qazaqadebieti.kz/37063/bolma-an-balaly-sha>
2. [https://nege.kz/news/bolmagan\\_balalik\\_shak\\_sahnalandi\\_20230403174950](https://nege.kz/news/bolmagan_balalik_shak_sahnalandi_20230403174950)
3. <https://baq.kz/bolmagan-balalyq-shaq-zhayly-bilesiz-be-300491/>
4. [https://youtu.be/\\_O-UAJ5v6Co?si=oQ3feINtY9PKKeE9](https://youtu.be/_O-UAJ5v6Co?si=oQ3feINtY9PKKeE9)
5. [https://youtu.be/eB\\_ekJwr2yg?si=klNpYs3RfZ9Q5bur](https://youtu.be/eB_ekJwr2yg?si=klNpYs3RfZ9Q5bur)
6. [https://youtu.be/F-1ZT9MS-f4?si=2byCU4oBkGwABs\\_S](https://youtu.be/F-1ZT9MS-f4?si=2byCU4oBkGwABs_S)